

ӘОЖ 821.514.9

## МҰХТАР МАҒАУИН ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Жолдасғали Жулдыз**  
[taskalieva2016@mail.ru](mailto:taskalieva2016@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің педагогтерін даярлау» мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., профессор Қ.М.Байтанасова

Әңгіме – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін шағын көркем туынды. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен оқиғаны баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады. Әңгімеде әдетте бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Мұнда да басқа жанрлар секілді алдымен адам, оның өмірі мен тағдыры көрінуі тиіс [1, 80]. Көркем шығармада маңызды деген оқиға суреттелуі керек. Сонымен, әңгіме - көлемі шағын болғанымен, қаламгер үшін нағыз шеберлік мектебі. Әңгіме жанрына қатысатын кейіпкерлер де аз болады. Сюжет желісі бір арналы, ықшам, тақырыбы мен идеясы айқын келеді. Прозаның бұл түрінде бір оқиға, тартыс-қақтығысты бейнелеу арқылы кейіпкерлердің мінез-тұлғасы айқын көрініс тауып, маңызды ой-түйіндер жасалуы қажет. Әңгіме жанры аз сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді.

Жалпы, «әңгіме» термині әдебиеттануда әдеби түр және әдеби жанр ретінде екі мағынада қолданылады. Әңгіме – біртұтас көркем оқиғаны баяндай бейнелеуге арналған, мәтін көлемі шағын әдеби түр. Демек, әңгімеге тән негізгі белгілер – оқиға бірлігі мен шағын көлем. Көлем дегенде, мәселе әңгіме жазылған парақ санына емес, қаламгердің бейнелеу тәсілдеріне қатысты. Қаламгер әңгіме жазу барысында бейнелеу құралдарының ең ықшам түрлерін үнемді қолдануға ұмтылады. Мысалы, хикаят пен әңгіме өзегіне алынған бір ғана фабула көркем сюжетке айналған кезде хикаятта кеңірек, әңгімеде мейлінше шағын көлемде көрініс табады. Себебі хикаятта оқиға әр түрлі қырынан жан-жақты бейнеленеді де, әңгімеде қаламгер оқырман назарын ең маңызды мәселеге аударып, оқиға тұтастығын сақтауға ұмтылады. Әңгімедегі оқиға бірлігі қаламгер мақсатынан туындайды. Нәтижесінде шығармадағы оқиға мен қаламгер ойының ортақтығы әңгіме әсерінің тұтастығына ықпал етеді.

Әдеби түр ретіндегі әңгіменің тарихи қалыптасқан екі жанры бар: біріншісі – әңгіме (жанр мағынасында), екіншісі – новелла. Әңгіме мен новелла арасында айтарлықтай шекара жоқ. Дегенмен, бұл жанрлардың ішкі құрылымында бір-біріне кереғар сипаттар бар. Бұл ерекшеліктерді ажырата білудің әңгіме мен новелла мәніне тереңдей дендеп, дұрыс түсінуге

септігі тиері анық. Новеллаға өткір тартыс, драматизмге толы сюжет тән болып келеді де, көбінесе оқыс шешіммен аяқталып отырады. Бұған мысал ретінде Дж. Боккачо, Ф. Саккетти, Э.Т.А. Гофман, Э. По, П. Мериме туындыларын атауға болады. Мәселен, италия ақыны және жазушысы Франко Саккетти (1332-1400) «Үш жүз новелланың» авторы өзінен кейінгі көптеген қаламгерлерге үлгі болған. Жазушының новеллалары қарапайым да қызықты оқиғаларға құрылып, фольклор жанрының элементтерін де молынан қамтиды. Жалпы, новелладағы әрекет драматизмі автордың ой ағымындағы драматизммен, тартыс өткірлігі шығарманың өне бойында бірін-бірі жоққа шығарып жататын көзқарастардың алуан түрлілігімен де байланысты. Қайткенде де әңгіме де, новелла да оңтайлы, көлемі шағын болғанымен, ол көркем туындылардың бастауы, яғни көлемді эпикалық түрдің басында тұрады. Кез келген қаламгер өзінің жазушылық шеберлігіне әңгіме жанры арқылы төселеді.

Қаламгер М.Мағауиннің шығармашылығында әңгіменің алатын орны ерекше. Жазушының әңгімесінің ерекшелігі тақырыбынан басталады. «Бір уыс бидай», «Тіленші», «Кешқұрым», «Түнгі қонақтар», «Әбдіғашпар сері», «Күтпеген кездесу», «Тарпаң», «Архив хикаясы», «Оң мен сол», «Қант пен ірімшік», «Ең әділ сайлау» сынды әңгімелерінің атауының өзі сол шығармалардың идеясын меңзеп тұрады. М.Мағауиннің ел суреттерін, халықтың тұрмыс-тіршілігін, ата-баба дәстүрін сөз ететін әңгімелері өте көп. Мәселен, жазушының «Доңыз жылғы балалық» әңгімелер цикліне жататын «Қант пен ірімшік» әңгімесінің әр сөйлемінде терең ой, мән жатыр. Әңгіме былай басталады: *« Мен не туралы ойладым? Қант туралы дерсің. Жоқ. Мен тумай тұрғанда, іште жатқанда әскерге кеткен, қазір соғыста жүрген, өзім көрмеген ағам туралы ойладым. Қызыл қырғыннан аман қайтса қалаға жіберіп, тура бір қора қант алғызбақпын. Ертеден кешке дейін құрт жейсің, ірімшік жейсің. Айран, сүт, қаймақ... Жалығып кетесің. Ішкің келмейді. Жегің келмейді. Қант болса гой, шіркін. Шайға да саласың, ірімшікке де қосасың. Кеміріп жейсің де жатасың. Мен солай деп ойладым»*. Автор бар халықтың арман-тілегін, әскерге кеткен боздақтарын күткен ана тілегін кішкене баланың монологі арқылы идеялық салмақ түсіре берген. *«Қала түгілі ауыл баласының өзінің ақтың түрін, пісестің дәмін ұмытқандығы, бір кездегі қанттың аздығы – таршылық десек, қазіргі құрт-ірімшіктің жоқтығы – сорлылық. Ана сүтін ембеген - жетімдік. Ата- баба дәстүрін ұмыту көкірегі қуыс жарымжандық болса, ата-баба тағамынан қол үзу – ауру-сырқауға бастайтын, қараңғы көрге ғана апаратын нағыз қайырышылық екенін айтамыз*. Қазақ басына ауыр трагедия болған мәселе кеңінен қозғалған бұл әңгімеден дәстүрдің үзілуін, ата салтымыз бен әдет-ғұрыптарымыздың ұмытылып бара жатқандығын қала түгілі ауыл баласының өзінің ақтың түрін ұмытып бара жатырғандығын уайым етеді.

Жазушы М.Мағауин көптеген туындыларында ұлттық тәрбиенің озық үлгілерін көрсетеді. Ол не туралы жазса да, қандай тақырыпқа қалам тартса да негізгі түйіні қазақ тағдыры, ұлттық болмыс, бабалар өнегесі, ұрпақ болашағы, тіл мен діл жайындағы ойларға барып тіреледі. Мұхтар Мағауиннің «Құлаққа талас» әңгімесі 1990 жылы жазылған. Бұл «Доңыз жылғы балалық» деп аталатын әңгімелер цикліне енгізілген. Бұл кезде Мұхтар Мағауиннің жасы елуде. Жазушы бұл шығарманы өз балалық шағынан естелік ретінде жазған болуы керек. Автор өзінің неше жаста екенін көрсетпейді. Алайда соғыстың соңғы жылы болу керек. Салқын күз екенін атайды. Бұл Мағауиннің 5 жасқа толар-толмас кезі. Әңгімеде төрт-бес жасар баланың өзімшілдік, қыңыр мінезі әшкереленген деген ой тууы мүмкін. Себебі, Әскержан өзіне берілген шұнақ құлақты алмай, Мадиярдың бүтін құлағына таласады. Мадияр да атасының: *«Мадияртай, сенің ақылың көп қой. Бере салшы қолыңдағы құлақты. Тіл же. Содан соң жілік аласың»* деген сөзіне көнбей, ол да қырсығып бермей қойды. Ақыры екеуі де ашуланып, не құлақты алмай, тілге де, бүйрекке де қарамай аш қалды. Шығарманың соңында жазушы өз пайымын келтірмегенде, оқырман қауым: *«Осындай кесел мінездің кесірінен екеуі де еншілерінен айырылды»*, - деп ой қорытуы мүмкін еді. Алайда қаламгердің соңғы айтары ойлантарлық: *«Құлақ – құрмет белгісі. Дастарқан басындағы, сол үйдегі ең сыйлы адамдарға тартылады. Қазақта ең сыйлы адам – бала. Ал баланың бәрі бірдей, бәрі тең. Әскержан теңдік үшін, әділдік үшін таласыпты»*

осы әңгімесінен де теңдік үшін барын беріп, күрескен, қазақ тағдырын автор астарлы оймен түрлі мысалдармен барынша суреттеп беруге тырысып баққандығын көруімізге болады.

«Қылмыс» атты әңгімедегі бас кейіпкердің аты «Алпамыс» деп тегіннен-тегін алынып отырған жоқ. Батырлар жырындағы Алпамыс пен бүгінгі Алпамыстың арасында ұқсастықтар көп. Екеуі де ел үшін туған ерлер. Айырмасы - эпостық Алпамыс елдік жолында бар мұратын хасыл қылған асыл ер. Тәңірі жүктеген қарызы мен парызын абыроймен атқарып, халқының мақтанышы мен мерейіне айналған тұлға. Ал әңгімедегі талантты тарихшы-ғалым Алпамыс, боламын деп, бола алмай қалған, қате басқан ғапыл ісінің нәтижесінде басын жойып тынған; сөйтіп, ерекше талант пен қабілет беріп жаратқан, жарата отырып нар көтерер парыз бен қарыз жүктеген Алланың аманат жанын сақтай алмаған трагедиялық тұлға. Сол үшін де ол - қылмыскер. Ұлттық мүдде тұрғысынан алып қарағанда ол өз ұлтына өлшеусіз зиян шектірді. Бірақ, бұл - қылмыстың жеңілі. Ең үлкен қылмыс - жесір қалған әйел, жетім қалған ұл; сол ұлдан болашақта өз халқына жау өсіп шығуы. Осы қылмысы үшін *«... қапыда өтіп кеткен аруақты көрден сүйрей-сілкіп тұрғызып, қатал жсауапқа тартқың келеді екен. Өйткені, ұлтқа қарсы қылмыс - кешусіз, ешқашан ескірмейді»*, - дейді ашынған қаламгер.

Әрбір талантты тұлға өзін ұлттық мұрат-мүдде тұрғысынан түйсінгенде ғана, өзінің қабілет-қарымын, талантын ерекше сый, сыбаға деп қана қарамай, Тәңірі тарапынан берілген қарыз, аруақтың аманаты деп түсінер еді. Түсінген адам ғана ғапыл істен сақ болар еді. Жазушының шығармалары оқырманды сөзсіз осындай ойларға жетелейді... Талантты тарихшы, болашағынан көп үміт күттірген, қазақтың шынайы тарихын жазып, отар елдің құлдық санадан арылуына демесін болуға тиіс Алпамыстың жарының аты - Мара... Үнді-Будда әфсанасындағы шайтанның (демон) аты. Болашақ Будда, ал әзірге Сиддхартха Гаутаманың санасы нұрланып, көкірек көзі ашылар алдында азғыратын шайтан. Бұл есімді тандауда да үлкен рәміздік мән бар ғой деп ойлаймыз. Орыс қолды, орысша тәрбиеленген, үлкен партия қызметкерінің қызы. Ұлттық санада тәрбие алған Алпамысқа мүлде қарама-қарсы тұлға. Бірақ жігітті еліктірді, сүйді, сүйгізді... Автор Алпамыстың қылмысының нәтижесінде *«Қазақ рухы, оның тарихи-танымдық санасы қырық жылда оңалмас соққыға жығылғанын»*, екіншісінің салдарынан ұлтына жау, жұртына дау, ертеңгі күні өз ұлтының тарихын, тілін, ділін жоққа шығарған «Подонокты» дүниеге әкелгенін, әкелгеннен бұрын тәрбиелей алмағанын қайсар сөзбен суреттейді және екіншісін «Алпамыстың өзі жасамағанмен, жол ашып кеткен ең үлкен қылмысы»- деп [3, 215] бағалайды.

М.Мағауин өзінің «Соңғы сөзінде» былай дейді: «О, жаңа өспірім ұрпағым! Алаш ұраны бәрінен де жоғары! Туған халқыңның ұлттық мүддесі бәрінен биік! Кеуделеріңді көтеріңкі ұстандар. Бабалардың бар мұратын берік тұтыңдар. Байырғы мекен, байтақ қонысты сақтаңдар. Ынтымақ, мейірден айырылмаңдар. Аруақтың аманаты ұмытылмасын. Сонда мәңгілік салтанатқа жетесіңдер!» [4, 271]. Сонымен қорыта айтқанда, қаламгер Мұхтар Мағауин шығармашылығының негізгі түйіні – ұлттық құндылықтарымызды сақтау, оларды келер ұрпаққа жеткізу.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – 1- кітап. – Алматы: Ана тілі, 2005. – 136 б.
2. Мағауин М. Шығармалар жинағы. Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 2007. – 320 б.
3. Мағауин М. Шығармалар жинағы: Он үш томдық. 5 том. – Алматы: Қағанат FMO баспасы, 2002. - 504 б
4. Мағауин М. Мен: Роман-эссе. – Алматы: «САҚ» АҚ, 1998. – 585 б.